

ЖАҢАЛЫҚТАР

Құқықтық медиа-орталық билікті журналистерді қудалауды тоқтатуға үндеді

11 тамыз 2026 жыл, 08:44



Солдан оңға қарай: қазақстандық журналистер Александра Сенцова (Алехова), Лұқпан Ахмедияров, Динара Егеубаева және Азамат Омаров.

Құқықтық медиа-орталық қоғамдық ұйымы Қазақстанда тәуелсіз БАҚ пен журналистерге қысым күшейіп, сөз еркіндігінің аясы тарыла түскенін айтып **мәлімдеме** жасады. Ұйым елде болып жағдайды журналистік қызметті шектеудің жаңа кезеңі деп бағалап, Қазақстан билігін журналистерді қудалауды тоқтатуға және сот істерінің бейтарап әрі тәуелсіз қаралуын қамтамасыз етуге шақырды.

Ұйым кейінгі кезде Қазақстанда бірқатар журналистер мен медиа өкілдеріне қатысты қылмыстық істер қозғалып, тәуелсіз БАҚ-тардың сайттары мен әлеуметтік желідегі парақшалары бұғатталғанын айтқан. Мысалы, журналистер Александра Алехова (Сенцова), **Гүлнәр Бажкенова**, Ботагөз Омарова, Әсет Матаев, **Әмір Қасенов**, **Азамат Омаров** және **Динара Егеубаеваға** қатысты қылмыстық істер қозғалғанын, KazTAG, "Республика", Orda, "Уральская неделя", "Наша газета", Otkir

Кирек және құқықтық медиа-орталықтың интернет-ресурстары мен әлеуметтік желідегі аккаунттарына шектеулер қойылғанын, журналист Вадим Бореиконың "Гиперборей", Асхат Ниязовтың "Обожаю", Рауль Упоров пен Лұқпан Ахмедияровтың "Просто журналистика" жобалары, Гүлжан Ерғалиева мен Жәния Ұранқаяваның парақшалары кедергілерге тап болғанын атап жазған. Сондай-ақ Бореико мен Егеубаеваға қарсы ақпараттық науқандар жүргізіліп, Ахмедияровтың елден шығуына шектеу қойылып, мүлкіне зиян келтірілгенін айтқан.

Ал Данияр Әділбеков, Махамбет Әбжан мен Әйгерім Тілеужанның қамауда отырғанын атап жазған.

Құқықтық медиа-орталық алғашқы Құрылтай сайлау кезеңінде Азаттық радиосы журналистері аккредитациядан айырылу қаупіне тап болғанына да назар аударған.

Қазақстан билігі елде цензураға тыйым салынған, сөз еркіндігі мен баспасөз бостандығына байланысты ешқандай проблема жоқ деп бұрыннан айтып жүр. Бұған дейін Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева Қазақстанда баспасөз еркіндігі шектелетіні туралы құқық қорғаушы ұйымдардың сынына келіспейтінін айтып, елде бұқаралық ақпарат құралдарының дамуына барлық жағдай жасалған деп мәлімдеген.



ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ

Тәуелсіз жеті журналистің WhatsApp аккаунттары бұғатталып қалды. Бұл қысым ба?

Кейінгі 20 жылда Қазақстандағы журналистер мен редакциялардың құқықтары жүздеген рет бұзылғанын тіркеп, соттарда олардың мүддесін қорғаған ұйымның пікірінше, қазіргі жағдайдың ерекшелігі – журналистердің қылмыстық қудалануы ғана емес, кей жағдайда сот шешімі немесе өзге де құқықтық шаралар арқылы олардың кәсіби қызметпен айналысу мүмкіндігі шектеліп отыр.

"Журналисті өз кәсібімен айналысу құқығынан айыру – қоғамның тәуелсіз ақпарат алу құқығын шектеу", — деп мәлімдеді құқықтық медиа-орталық.

Елде болып жатқан оқиғаларды журналистер мен тәуелсіз редакцияларға жасалған қысым, ақпаратты еркін алу мүмкіндігі шектеу және тәуелсіз БАҚ беделін түсіруді көздейтін іс-әрекеттер аясындағы үрдіс деп сипаттаған ұйым бұл жағдай

Қазақстанның халықаралық сөз бостандығы рейтингтеріндегі көрсеткішіне әсер ететінін айтты.

Құқықтық медиа-орталық журналистер қауымын әріптестерімен ынтымақтастықты күшейтіп, қысымға ұшыраған журналистерді қолдауды жалғастыруға шақырды. Сонымен бірге халықаралық ұйымдар мен дипломатиялық миссияларды Қазақстандағы журналистерге қатысты кейінгі болған жағдайларға жария түрде баға беруге және журналистік қызметті одан әрі қылмыстық қудалауға жол бермеу үшін дипломатиялық тетіктерді пайдалануға үндеді.

Халықаралық "Шекарасыз тілшілер" ұйымының баспасөз бостандығы рейтингінде Қазақстан биыл 8 саты сырғып, 149-орынға түскен. Интернеттегі еркіндікті саралайтын Freedom House ұйымы есебінде Қазақстан "еркін емес ел" тізімінен шыға алмай келеді. Қазақстан билігі бұған келіспей, халықаралық рейтингтер біржақты жасалады, шынайы ахуалды көрсететін бейтарап көрсеткіш емес деп мәлімдейді.

ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ

- Шекара қызметі журналист Лұқпан Ахмедияровты елден шығармады. Оның үстінен шағым түсірген кім?
- "Алаңдатарлық үрдіс". Қазақстан медиақауымдастығы журналист Азамат Омаровтың қамалғаны жайлы не дейді?
- Алматыда Гүлнәр Бажкенованың соты қалай өтіп жатыр?
- "Мақсат – кінәлау емес". Тоқаев сапары және Еуроодаққа хат: құқық қорғаушы Роза Ақылбековамен сұхбат
- "Шекарасыз тілшілер": Meta мен YouTube Қазақстан журналистеріне қысым жасауға жол берді

Айдар

ЖАҢАЛЫҚТАР

ЖАЛПЫ АРХИВ

